

**«8D03106 – Аймақтану» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған
Ермеков Әлібек Балғанбекұлының
«Аймақтық секьюритилендіру аспектілері түрғысынан ОА-дағы Қытай
ықпалын институционализациялау» тақырыбындағы диссертациясының
АНДАТПАСЫ**

Диссертациялық зерттеудің жалпы сипаттамасы. Бұл диссертациялық зерттеу жұмысы Қытайдың секьюритилендіру және институционализациялау негізгі тұжырымдамаларының эволюциясын зерттеуге арналған, сондай-ақ қытай-америкалық стратегиялық бәсекелестіктігінің қалыптасуы сәтінен бастап, Ресей және Батыс арасындағы қатынастардың шиеленісінің артуы жағдайында бұл тұжырымдарды Қытайдың Орталық Азиядағы аймақтық саясатының қалыптасуына проекциялау арқылы қарастырады. Зерттеу аясында автор Орталық Азия аймағындағы Қытайдың институционалдық құрылымының қалыптасу үдерісін және жаңа азиялық-орталықтық қауіпсіздік үлгілерінің құрылудын талдайды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Зерттеу тақырыбының өзектілігі Орталық Азия аймағындағы жаңа геосаяси кеңістігін және Қытайдың аймақтық әрі жаһандық деңгейдегі жаңа рөлін зерделеуде көрінеді. Қытайдың сыртқы саясатының қалыптасуы соңғы жыл ішінде, яғни қырғи қабак соғыстан кейінгі кезеңде, АҚШ-тың "бірполлярлы сәті" жағдайындағы салыстырмалы түрде тұрақты халықаралық жүйе аясында қалыптасып дамыды. Жаһандық деңгейде бұл жағдай қырғи қабак соғыс кезеңіндегі биполярлы текетірес үлгілерінің жойылуымен сипатталды. Күштер тепе-тендігі мен оның әскери элементтері халықаралық қатынастарда ықпалын жоғалтты.

Секьюритилендіру негізгі ауқымы Қытайдың геосаяси өрлеуі аясында қалыптасты. Дән Сяопиннің реформаларынан кейін Қытай қарқынды экономикалық өсу кезеңін бастан өткерді, бұл оның жаһандық институционалдық құрылымдарды белсенді түрде құруымен жалғасты. Ху Цзинътао билік еткен кезеңде Қытай елеулі экономикалық ықпалға қол жеткізіп, халықаралық аренада ұлы держава мәртебесін нығайтты. Экономикалық өсім әскери жаңғырту процесіне де ықпал етіп, соның салдарынан аймақтық күштер тенгерімінің өзгеруіне әсер етті. Ал Си Цзиньпин билікке келгеннен кейін, Қытайдың сыртқы саясатының үлгілері Дән Сяопиннің "төрт ұстанымынан" айтарлықтай ауытқыды. Си дәуіріндегі сыртқы саясатының айрықша ерекшелігі — оның анағұрлым белсенді сипатқа ие болуы. Осы кезеңде Қытай "Бір белдеу, бір жол" бастамасы аясында жаһандық институционалдық құрылымдар құруға кірісіп, халықаралық жүйеде жаһандық күштер тепе-тендігінің ауысының алды.

Қытай стратегиясының Орталық Азия аймағындағы басты ерекшелігі — оның геоэкономикалық құрамдас бөлігінің күшеюі болып табылады. Геоэкономика феноменінің өзектілігі жаңа қауіпсіздік үлгілерін жасау мен

ілгерілетуде жатыр. Геоэкономика өз кезегінде жаһандану дәуірінде тән қауіпсіздіктің жаңа үлгілерін айқындайды. Ал Орталық Азия аймағы осы геоэкономикалық тетіктер мен құралдарды қолданудың айқын үлгісі ретінде көрінеді.

Осылайша, жаһандық құштер тепе-тендігінің конфигурациясының трансформациясы Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына (ШЫҰ) елеулі әсерін тигізді. Бұл жағдай Орталық Азия елдері үшін сыртқы саясат және қауіпсіздік салаларындағы азиялық бағыттың маңыздылығын арттырып, құрделі геосаяси жағдайларды тепе-тендікті сақтаудың қосымша тетігіне айналды.

Осылайша, Орталық Азияның Қытай Халық Республикасы үшін геоэкономикалық және стратегиялық маңызы жыл сайын артып келеді және бұл өз кезегінде сәйкес ғылыми тәсілдер мен зерттеулерді талап етеді. Осы зерттеудің өзектілігі аясында негізгі назар Орталық Азия аймағында және оның шекара маңында қауіпсіздік үлгілерінің күшеюі жағдайындағы институционалдық құрылымдарды қалыптастыру үдерістеріне аударылады.

Зерттеу нысаны — Қытайдың аймақтық стратегияларындағы институционалдық құрылыш үдерістері.

Зерттеу пәні — қауіпсіздік тұжырымдамаларының өзгеруі жағдайындағы Қытайдың Орталық Азиядағы дипломатиялық стратегиясы.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты — Қытай Халық Республикасының сыртқы саяси тетіктерінің теориясы мен практикасын талдау негізінде Қытайдың институционалдық құрылымдарының негізгі аспектілерін Орталық Азиядағы жаңа қауіпсіздік үлгілерінің дамуы контекстінде жүзеге асыру мүмкіндіктері мен проблемаларын анықтау.

Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін автор **келесі міндеттерді қойды**:

- Халықаралық қатынастар теорияларының кең спектрін талдау негізінде Қытайдың қазіргі сыртқы саясатының эволюциясын секьюритилендіру және институционалдық құрылым аспектілерінде зерттеуге арналған әдіstemені анықтау;
- Аймақтық қауіпсіздік кешені теориясының (АҚҚТ) және Қытайдың халықаралық қатынастар теорияларының қазіргі сыртқы саяси үмтүлыштарын түсінудегі рөлін анықтау;
- Жаңа геосаяси жағдайларды ескере отырып, Қытайдың сыртқы саясатындағы геоэкономикалық тетіктерді зерттеу;
- Құштер тепе-тендігінің өзгеруі мен қауіпсіздіктің нығаюы жағдайында жаңа шынайылықтарда Қытайдың институционалдық құрылымдарын ілгерілетуге бағытталған дипломатиялық стратегиясының ерекшеліктерін анықтау, оның ішінде Үнді–Тынық мұхиты аймағы мысалында талдау;
- ШЫҰ мен «Бір белдеу, бір жол» бастамасының дамуы аясында Орталық Азиядағы секьюритилендіру мен институционалданудың әлеуетті эволюциялық тетіктерін қолданыстағы тәжірибе негізінде анықтау;
- Орталық Азиядағы аймағындағы Қытай ықпалының әлеуетін қолданыстағы тетіктер мен халықаралық қатынастардағы өсіп келе жатқан теңгерімсіздік негізінде бағалау;

- Күштер терең-тендігінің өзгеруі жағдайында Орталық Азия аймағындағы Қытай ықпалының институционалдану үдерісіне әлеуметтік-саяси тәуекелдерді ескере отырып баға беру.

Зерттеудің хронологиялық шеңбері — 2000 жылдардың басынан 2024 жылға дейінгі кезеңді қамтиды. Бұл кезең қазіргі геосаяси динамиканың дамуын және Қытайдың Орталық Азиядағы рөлінің өзгеруін айқындайтын жаһандық стратегиялық ландшафттың өзгеруімен ерекшеленеді.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі: диссертациялық жұмыста қарастырылатын мәселелерді талдау барысында автор мемлекеттің сыртқы саясатының әтүрлі аспектілерін зерттеуге бағытталған теориялық-әдіснамалық тәсілдер кешенін қолданды. Осы контексте негізгі теориялық тәсіл ретінде Аймақтық қауіпсіздік кешені теориясы (АҚҚТ) тандалды, бұл теория Си Цзиньпин билігі кезеңінде Қытай Халық Республикасының институционалдық құрылымдарының қалыптасуына әсер еткен негізгі факторларды анықтауға мүмкіндік береді. Осылайша, аймақтық қауіпсіздік кешені теориясы Қытай ықпалының Орталық Азияда институционалдану үдерісін оның негізгі бағыттары бойынша түсінуге жол ашады.

Қытайдың институционалдық стратегиясын талдау барысында диссертация авторы Джон Миршаймердің неоклассикалық реализм теориясына жүгінді. Бұл теория ҚХР-дың сыртқы саяси ұмтылыстарының негіздерін, әсіресе Си Цзиньпиннің билігі кезеңінде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Неолиберализм теориясы Қытайдың сыртқы саяси әрекеттерін екі негізгі қырынан ұғынуға жол ашады. Біріншіден, саяси мағынада бұл теория Қытайдың Қырғы қабак соғыс аяқталғаннан кейінгі бастапқы кезеңде АҚШ бастаған халықаралық институттарға «интеграциялануын» сипаттайты. Америкалық сарапшылардың пікірінше, бұл Қытайда саяси либерализацияға алып келуі тиіс еді.

Кеохейн мен Найн ұсынған кешенді өзара тәуелділік теориясы Қытайдың геоэкономикалық тетіктегінің негізін түсіндіруге мүмкіндік береді.

Маңызды теориялық ұстанымдардың бірі Бузан мен Вейвердің секьюритилендіру концепциясы. Аймақтық қауіпсіздік кешені теориясы Қытай ықпалының институционализациялану үдерісінің тек Орталық Азиядаған емес, бүкіл әлемдік деңгейде дамуын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Диссертациялық жұмыстың авторы салыстырмалы талдау әдісіне де жүгінді. Бұл жерде салыстыру объектілері ретінде әлемнің әртүрлі аймақтары алынған, атап айтқанда, Қытайдың геоэкономикалық тетіктегі қолданылған Шығыс Азия, Оңтүстік-Шығыс Азия, сондай-ақ Оңтүстік және Орталық Азия аймақтары қарастырылды.

Ғылыми жаңалығы. Диссертациялық зерттеуде жұмыстың ғылыми жаңалығын анықтайтын келесі нәтижелер ұсынылды:

- Қауіпсіздікке қатысты классикалық және жаңа теорияларды, сондай-ақ әртүрлі дереккөздер мен құжаттарды талдау негізінде алғаш рет ғылыми

айналымға «Орталық Азиядағы қауіпсіздік үлгілерінің азиятануы» және «Қытайдың институционалдық құрылымы» сияқты ұғымдар енгізілді;

- Қытайдың жаңа сыртқы саяси стратегиясының қалыптасуын көрсететін саяси және экономикалық үдерістердің курделі кешені анықталды, бұл Үнді-Тынық мұхиты аймағы мысалында қарастырылып, басқа аймақтарға, соның ішінде Орталық Азияға да қолданылатын кейс ретінде сипатталды;
- Шанхай Інтымақтастық Ұйымының трансформациясы және "Бір белдеу, бір жол" Орталық Азияға проекциясы арқылы Қытайдың көпжақты институттарды дамыту жөніндегі дипломатиялық стратегиясына жүйелі әрі кешенді талдау жүргізілді;
- Автор Си Цзиньпин кезеңіндегі Қытайдың еуразиялық стратегиясына жаңа ғылыми көзқарас ұсынады: Бұл стратегия геоэкономикалық параметрлер мен курделі көпполярлылық жағдайдынағы құштердің жаңа тепе-тендігімен айқындалады;
- Секьюритилендіру және институционализация тұжырымдамаларының күшеюі аясында Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы қарым-қатынастардың XXI ғасырдың бірінші және екінші онжылдығындағы жаңа заңдылықтары анықталды.

Зерттеудің тәжірибелік маңызы — халықаралық қатынастар саласындағы кең ауқымды стейкхолдерлерге арналған ұсыныстарды өзірлеу мүмкіндігін де қарастырады.

Диссертациялық зерттеудің қорытындыларын келесі бағыттарда қолдануға болады:

- Қазақстандағы дамып келе жатқан қытайдану саласы аясында және жалпы Орталық Азияда Қытаймен қарым-қатынас мәселелерін зерттеу саласындағы халықаралық қатынастар пәні бойынша оқу курстары мен оқу құралдарын өзірлеуде ғылыми және оқу-әдістемелік қызметте пайдалану;
- Қытай мен Орталық Азия елдерінің қатысуымен қауіпсіздік және сауда-экономикалық ынтымақтастық саласындағы мәселелерді зерттеумен айналысатын министрліктер мен ведомстволардың, бизнес-құрылымдардың, аймақтық және халықаралық ұйымдар үшін талдамалық жұмыстар жүргізу;
- Қытай мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы өзара қарым-қатынастарда туындастын тәуекелдерді азайту мен әлеуетті арттыру бойынша сыртқы саясат пен дипломатия саласында практикалық ұсыныстар өзірлеуге;
- Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы саяси-экономикалық саладағы қарым-қатынастардың қысқа және орта мерзімді болашағына арналған кеңес беру және сценарийлік болжамдар құруға.

Диссертациялық зерттеу жұмысының қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдары:

1. Қытайдың қазіргі сыртқы саяси механизмдерінің қалыптасу үдерісін талдау, ең алдымен, халықаралық қатынастардың классикалық

теориялары — неореализм мен неолиберализм призмасы арқылы қарастырылады. Алайда, қазіргі кезеңде Орталық Азия өнірінде секьюритилендіру үлгілерінің өзгеруі аясында Қытай ықпалының институционалдану үдерісі жүріп жатқанын ескере отырып, аймақтық қауіпсіздік кешені теориясына және Қытайдың перифериялық дипломатиясы теориясына стратегиялық назар аудару қажет;

2. Геоэкономикалық тәсіл жаһандану жағдайындағы Қытай Халық Республикасының сыртқы саясатының негізгі құралы ретінде танылады. Бұл өз кезегінде, әскери күшке негізделген күштер терең-тендігінің шартты түрде екінші орынға ығысуына әкелді, ал геоэкономика Қытайдың сыртқы саяси және сыртқы экономикалық стратегиясының басты тетігіне айналды. Бұл түрғыда Үнді-Тынық мұхиты өнірі үлгі ретінде қарастырылады. Дәл осы өнірдің мысалында геоэкономиканың дипломатиялық ықпал ету құралы және институционалдық құрылым қалыптастыру тәсілі ретінде қолданылып жатқанын байқауға болады. Қытай ықпалы арқылы осы өнірде байқалатын қауіпсіздік, экономика және институционалдық ықпал салаларындағы негізгі үрдістердің элементтері қазірдің өзінде басқа өнірлерге, соның ішінде Орталық Азияға да проекцияланып отыр.
3. Қытайдың сыртқы геоэкономикалық мұдделерінің секьюритилендіру оның ықпалын институционализациялаудың негізін қалады. Сондықтан Қытайдың саяси ықпалын классикалық күштер терең-тендігі теориясымен түсіндіру қыынға соғады. Бұл жерде ынтымақтастыққа, әсіресе экономикалық институттарды дамыту мен әртараптандыру саласындағы серіктестікке басымдық беретін неолибералдық парадигманы қолдану қажет.
4. XXI ғасырдың екінші онжылдығының басында және одан кейінгі кезеңде Қытай Орталық Азияда өз ықпалын институционализациядан алды. Осы кезеңдегі қытай-орталықазиялық қатынастардың ерекшелігі – өнірлік күштер терең-тендігінің өзгеруі, бұл ретте Қытай өнір елдері үшін кешенді қауіпсіздіктің кепілі рөлін атқарады. Қарым-қатынасты нығайту және өзара іс-қимылды әртараптандыру үшін өнір елдеріне өзара дамуға негізделген ортақ күн тәртібі қажет, ол күштер терең-тендігін ішкі және сыртқы деңгейде де нығайтуға септігін тигізеді.
5. Орталық Азиядағы өнірлік қауіпсіздік кешені бірқатар трансформациялық өзгерістерге ұшырауда. Бұл өзгерістер барысында азиялық-орталықтандырылған қауіпсіздік үлгілері қалыптасада, олар дәстүрлі емес қауіпсіздік аспектілерінің артуымен, экономикалық даму, экологиялық факторлар және халықтың көші-қон процестерінің әртараптануымен сипатталады. Өнірде күрделі әрі көп деңгейлі қауіпсіздік жүйесін одан әрі дамыту үшін жаңа әдістер мен Орталық Азия елдерінің жаңа бірлескен жобалар мен бастамаларға белсенді қатысуы қажет.

Зерттеу нәтижелерінің аprobациясы. Диссертациялық жұмыс әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасында орындалды.

Диссертация тақырыбы бойынша жарияланымдар: Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері бойынша 8 ғылыми мақала жарияланды. Оның ішінде 1 мақала Scopus дерекқорында индекстелген, 5 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі БФСБК ұсынған ғылыми басылымдарда жарияланды. **Диссертациялық жұмыстың құрылымы** — зерттеу мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес логикаға негізделген және кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.